



**Жол-құрылыс материалдары мен жаңа технологиялардың бірыңғай базасын
қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің м.а. 2025 жылғы 29 тамыздағы № 286 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 29 тамызда № 36755 болып тіркелді

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 2-тармағының 42-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Жол-құрылыс материалдары мен жаңа технологиялардың бірыңғай базасын қалыптастыру және жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының жетекшілік ететін Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Көлік министрінің міндетін атқарушы

М. Калиакпаров

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
Министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Ұлттық
экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Көлік министрінің міндетін
атқарушы
2025 жылғы 29 тамыздағы
№ 286 Бұйрықпен бекітілді

**Жол-құрылыс материалдары мен жаңа технологиялардың бірыңғай базасын жүргізу
ҚАҒИДАЛАРЫ**

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар жол-құрылыс материалдары мен жаңа технологиялардың бірыңғай базасын қалыптастыру және жүргізу тәртібін, сондай-ақ жаңа материалдар мен бұйымдарды, озық технологияларды, машиналарды, жабдықтар мен механизмдерді, карьерлер мен өндіруші зауыттардан алынатын жол-құрылыс материалдарын техникалық реттеу объектісінің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету мақсатында іздестіру, жобалау, салу, пайдалану және кәдеге жарату кезеңдерін қамтитын өмірлік циклдің барлық кезеңінде енгізу және қолдану процесін реттейді.

2. Осы Қағидалар техникалық регламенттерде (2011 жылғы 18 қазандағы КО ТР 014 /2011 "Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі"), "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі № 245-ІІ Заңы", 2023 жылғы 9 маусымдағы № 435 ҚР ТР "Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы", "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдегі Заңы, "Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу және жол активтерін басқару кезінде орындалатын жұмыс түрлерінің жіктемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2014 жылғы 24 қаңтардағы № 56 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9176 болып тіркелген) белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізу және Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен, ерікті қолдануды стандарттау жөніндегі құжаттармен, сондай-ақ автомобиль жолын салу бойынша технологиялық, инфрақұрылымдық және басқару процестерінің кешенін сапалы орындауды қамтамасыз ету мақсатында қабылданды.

3. Қағидалар жол қызметінің барлық қатысушылары үшін ақпараттық платформаны ашық және дәйекті түрде толықтыруды қамтамасыз ету мақсатында жол-құрылыс материалдарының бірыңғай базасын құру, оны толықтыру және өзектендіру мәселелерін реттейді.

4. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор – 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген өкілеттіктерді жүзеге асыратын, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғам (бұдан әрі – "ҚазАвтоЖол" ҰК" АҚ);

2) аккредиттелген зертханалар тізілімі - аккредиттеу саласына сәйкес зертханалық сынақтар жүргізетін аккредиттелген зертханалар туралы мәліметтерді қамтитын жүйеленген тізім немесе тізбе;

3) апробация - зертханалық сынақтарды, ғылыми-техникалық сүйемелдеуді ресми мақұлдау, бекіту немесе тану үдерісі, тәжірибелік (пилоттық) телімнің мониторингі

және нақты пайдалану жағдайларында мәлімделген өнімнің тиімділігі мен жарамдылығын бағалауға бағытталған мониторинг нәтижелері бойынша қорытынды;

4) апробациялық комиссиясы - тәжірибелік телімде өнімді апробациялау нәтижелерін объективті және жан-жақты бағалауды қамтамасыз ету үшін Техникалық кеңестің шешімі негізінде қалыптастырылатын алқалы орган;

5) бірыңғай базаны әзірлеуші – "Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "ҚазжолҒЗИ" АҚ);

6) бірыңғай базаның әкімшісі - бірыңғай базаның техникалық және операциялық сүйемелдеуін орындауға уәкілетті заңды тұлға (бұдан әрі - Әкімші);

7) ГАЗ картасы - жол-құрылыс материалдарын өндірушілердің объектілері, карьерлері мен зауыттары туралы ақпаратты қамтитын деректер базасымен біріктірілген цифрлық карта;

8) ғылыми-техникалық сүйемелдеу - инновациялық қызмет өнімдерін нақты өндірістік жағдайларда олардың мақсатына сәйкес енгізуге бағытталған үдеріс;

9) жаңа технологияларды енгізу - қолданыстағы жүйелерді жақсартуға немесе жолдардың сапасын, қозғалыс қауіпсіздігін арттыру бойынша жаңа мүмкіндіктер жасауға бағытталған жаңа идеяларды, әдістерді, өнімдерді немесе үдерістерді практикаға енгізу, пайдалану немесе қолдану үдерісіі, қызметті оңтайландыруға, тиімділік пен сапаны арттыруға, сондай-ақ жаңа өнімдер мен қызметтерді құруға бағытталған ғылыми әзірлемелер мен шешімдер кешені;

10) жаңа технологиялар тізілімі - автомобиль жолдарын салу, күтіп-ұстау және пайдалану кезінде пайдаланылатын жаңа технологиялар мен материалдар туралы мәліметтерді қамтитын жүйеленген тізім немесе тізбе;

11) "жасыл" мәртебе - Техникалық кеңестің жол қызметінде өнімді қолдану туралы құжатпен рәсімделген оң шешімі;

12) жол активтері сапасының ұлттық орталығы - жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізу, жол активтерін басқару, халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жұмылдыру дайындығын ұйымдастыру, сондай-ақ автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптама жүргізу, жаңа технологияларды енгізу және тәжірибелік телімдерді сүйемелдеу жөніндегі функциялар жүктелген автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның қарамағындағы заңды тұлға, (бұдан әрі – "ЖАҰСО" РМК) және оның филиалдары;

13) жол қозғалысы қауіпсіздігінің (бұдан әрі - ЖҚК) техникалық құралдары - жол қозғалысы қауіпсіздігін ұйымдастыруға, реттеуге және қамтамасыз етуге арналған құрылғылар, құрылыстар мен жүйелер туралы мәліметтерді қамтитын жүйеленген тізім немесе тізбе;

14) жол-құрылыс материалдары мен жаңа технологиялардың бірыңғай базасы (бұдан әрі – бірыңғай база) – жол саласындағы уәкілетті органның жол-құрылыс материалдары мен жаңа технологиялар туралы ақпаратты қамтитын ақпараттық жүйесі;

15) жол органы – жалпы пайдаланымдағы мемлекеттік автомобиль жолдарын басқаруды жүзеге асыратын автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган;

16) "көк" мәртебе - Техникалық кеңестің апробация рәсімін жүргізу нәтижелері бойынша өнімнің төмен тиімділігі туралы құжатпен рәсімделген шешімі;

17) өнеркәсіптік, өндірістік техногендік қалдықтардан алынған материалдар тізілімі - өнеркәсіптік, өндірістік және техногендік қалдықтар туралы мәліметтерді, сондай-ақ тәжірибелік телімдер және оларды апробациялау барысында алынған нәтижелер туралы деректерді қамтитын жүйеленген тізім немесе тізбе;

18) өтініш беруші - әкімшілік рәсімді жүзеге асыру үшін жол органына немесе оның лауазымды тұлғасына өтініш берген, сондай-ақ өзіне қатысты әкімшілік акт қабылданатын, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) жасалатын тұлға;

19) пилоттық жоба - жаңа технологияларды, материалдарды немесе шешімдерді ықтимал кең ауқымды қолдану алдында оларды нақты пайдалану жағдайында сынауға, тексеруге және бағалауға арналған ауқымы мен мерзімі бойынша шектелген жоба;

20) профайл - танысу үшін ұсынылған өнім туралы мәліметтерді қамтитын құрылымдық ақпараттық бірлік;

21) "сары" мәртебе - апробация рәсімі аяқталмаған, Техникалық кеңестің жол қызметінде өнімді қолдану туралы құжаттамалық рәсімделген шешімі;

22) "сұр" мәртебе - Техникалық кеңестің кейіннен апробациялау рәсімі үшін өнімді бірыңғай базаға енгізу туралы құжаттамалық рәсімделген шешімі;

23) сынақ/пилоттық телімдерді зерттеу – пайдаланудың және қоршаған ортаның әсерінен олардың жай-күйінің ықтимал антропогендік өзгерістерін бақылау, мониторингтеу, бағалау және болжау жүйесі, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2014 жылғы 24 қаңтардағы № 56 бұйрығымен бекітілген "Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу, сондай-ақ жол активтерін басқару кезінде орындалатын жұмыс түрлерінің жіктемесін бекіту туралы" қағидаға (2014 жылғы 27 қаңтардағы № 56 бұйрық, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9176 тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады;

24) темірбетон бұйымдарын (бұдан әрі – ТББ) өндірушілер тізілімі – құрылыс саласында өнім сапасын айқындау және сенімді жеткізушілерді таңдауды жеңілдету мақсатында темірбетон бұйымдарын шығаратын кәсіпорындар туралы мәліметтерді қамтитын жүйелендірілген тізбе немесе тізім;

25) техникалық және операциялық сүйемелдеу - жаңғыртуға, түзетуге, ақауларды жоюға, толықтырулар мен өзгерістер енгізуге, өтінімдерді тіркеуге, қабылдауға және

бірыңғай базаның жұмыс істеуіне қатысты басқа да іс-қимылдарға бағытталған іс-шаралар;

26) техникалық кеңес - автомобиль жолдары саласындағы уәкілетті жол органының құрамы мен қызметі Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілген 2023 жылғы 8 маусымдағы №58 Техникалық кеңес туралы ережемен регламенттелетін, жол-құрылыс материалдары мен жаңа технологияларды бірыңғай базаға енгізе отырып, жаңа технологиялар мен материалдарды, машиналар мен механизмдерді тәжірибелік-эксперименттік енгізу және игеру туралы мәселелерді қарау жөніндегі алқалы органы;

27) цемент, минералды ұнтақ және битум өндірушілерінің тізілімдері -цемент, минералды ұнтақ және битум өндірушілері туралы мәліметтерді қамтитын жүйеленген тізім немесе тізбе.

5. Жаңа құрылыс, қайта құру, күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу нысандарына арналған жоба мен жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу барысында бірыңғай деректер қорындағы тиісті "мәртебелері" бар өнімдердің болуы ескеріледі:

1) "қолданыста" мәртебесі бар, жарамды сынақ хаттамалары (берілген күні бір жылдан аспауы тиіс) болған жағдайда - инертті материалдарды (кұм, шағыл тас, қиыршық тас, қиыршық тасты-кұмды қоспа, шағыл тасты-қиыршық тасты-кұмды қоспа) және органикалық емес тұтқырғыштарды (цемент, минералды ұнтақ) өндіретін карьерлер, барлық түрдегі битумды тұтқырғыштарды, асфальтобетон қоспаларын, бетонды, темірбетон бұйымдарын (бұдан әрі – ТББ) өндіретін зауыттар;

2) "жасыл" мәртебесі бар өнім (жаңа материал/бұйым немесе технология);

3) "аппробациядан өткен" мәртебесі бар жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған техникалық құрал (бұдан әрі – ЖҚҚ).

6. Жобаға Жаңа материалдар мен технологиялар тізілімінен өнімдерді енгізер алдында жобаның тапсырыс берушілері таңдалған өнімді (тұрақтандырғыштар, модификаторлар, полимерлер, адгезиялық және өзге де қоспалар, химиялық және органикалық қоспалар және т.б.) зертханалық сынауға бастамашылық жасайды, жол төсемелерінің құрылымдық қабаттарын (топырақ, шағыл тас, қиыршық тасты-кұмды қоспа, құмды-қиыршық тасты қоспа, құрылыс құмы, ұсақтау қалдықтарынан алынған құм және т. б.) орнату үшін "ЖАҰСО" ШЖҚ РМК, "ҚазжолҒЗИ" АҚ және басқаларды сынақ нәтижелері туралы хабарлайды.

7. Жобаға енгізілген "Жасыл" мәртебесі бар өнімдер жобаны іске асыру кезінде құрылысқа, жөндеуге және ұстауға арналған құжаттамада ауыстыруға жатпайды, төтенше жағдайлар (табиғи құбылыстар, әскери іс-қимылдар, төтенше жағдай жариялау) сияқты еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайларды қоспағанда

8. Жаңа материалдар мен технологияларды енгізу кезінде салу, қайта құру, күрделі, орташа және ағымдағы жөндеулердің орындалуына техникалық қадағалау жобаға, жобалық-сметалық құжаттамаға, сондай-ақ ҚР ЕР 218-162 "Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының орташа және ағымдағы жөндеуі кезінде техникалық қадағалауды жүзеге асыру және оған жұмсалатын шығындарды айқындау жөніндегі нұсқаулыққа" және ҚР ВН 8.12.001 "Автомобиль жолдарын салу және жөндеу кезінде жұмыстардың сапасын бақылау және қабылдау" құжатына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Отандық өнеркәсіпті дамытуды ынталандыру және қазақстандық өндірушілер үшін инновациялық шешімдерді жеделдетіп енгізу мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген өнімді апробациялаудың қысқартылған мерзімі белгіленеді.

10. Қазақстандық өндірістегі өнім үшін сынақ мерзімі, егер тәжірибелік учаскеде ақаулар болмаған жағдайда, өндірістік базаның бар екені, қауіпсіздік пен сапа талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттардың толық топтамасы ұсынылған болса, шетелдік ұқсас өнімдерге белгіленген стандартты мерзімнің жартысын құрайды (6-қосымша).

11. Мерзімді қысқартуға өтінім Техникалық кеңес төрағасының атына еркін нысанда беріледі. Апробация мерзімін қысқарту жөніндегі түпкілікті шешім Техникалық кеңестің отырысында қабылданады.

12. Бірыңғай базаны қалыптастыру және жүргізу кезінде Техникалық кеңес:

1) бірыңғай базаға енгізілуге жататын жол-құрылыс материалдары мен технологияларына сараптамалық баға береді;

2) ұсынылған өтінімдерді, салалық ұйымдардың қорытындылары мен пікірлерін қарайды, мәртебе беру, өнімді бірыңғай базаға енгізу немесе алып тастау жөнінде шешім қабылдайды;

3) іріктеу критерийлері мен рәсімдерін әзірлеуге және өзектендіруге қатысады, жол саласындағы нормативтік базаны жетілдіру бойынша ұсыныстар қалыптастырады;

4) инновацияларды енгізуді сүйемелдейді, пилоттық жобаларды қарайды, далалық немесе зертханалық сынақтар мен технологияларды апробациялау қажеттілігі туралы шешім қабылдайды;

5) өтініш берушілермен өзара іс-қимыл жасайды, даулы мәселелерді, оның ішінде жұмыс топтары немесе ашық тыңдаулар форматында талқылауды ұйымдастырады;

6) уәкілетті органдар мен салалық ұйымдарға арналған ресми қорытындылар мен ұсынымдар дайындайды;

7) қабылданатын шешімдердің объективтілігін қамтамасыз етеді, лоббизм мен жалған немесе тиімсіз шешімдерді ілгерілетуге жол бермейді;

8) өзінің қызметі туралы есепті бірыңғай базаның Әкімшісіне және/немесе салалық мемлекеттік органға ұсынады, база жұмысын реттейтін регламенттерді бекітуге немесе қайта қарауға қатысады.

13. Бірыңғай базаның әкімшісі:

- 1) оның жұмыс істеуін техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;
- 2) бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңартуды, интерфейсті баптауды және техникалық ақауларды жоюды жүзеге асырады;
- 3) пайдаланушылардың қол жеткізуін басқаруды, құқықтарды тағайындауды, сондай-ақ ақпаратты қорғау талаптарын сақтауды және рұқсатсыз қол жеткізудің алдын алуды қамтамасыз етеді;
- 4) деректердің дұрыстығына, шынайылығына және өзектілігіне мониторинг жүргізеді, жүктелген ақпаратты талдайды және қателерді түзетеді;
- 5) база бойынша жұмыс мәселелері жөнінде пайдаланушыларға әдістемелік және консультациялық қолдау көрсетеді, нормативтік талаптарды түсіндіреді, оқыту іс-шараларын ұйымдастырады;
- 6) реттейтін құжаттарды әзірлеуге және өзектендіруге қатысады, белгіленген нұсқаулықтардың сақталуын бақылайды;
- 7) мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды, есептілікті қалыптастырады және өз құзыреті шеңберінде тапсырмаларды орындайды.

2-бөлім. Бірыңғай базаны қалыптастыру және жүргізу тәртібі

1-параграф. Өтінім берушілерден өтінімдерді қабылдау және қарау

14. Жаңа материалдарды және/немесе технологияларды (бұдан әрі – өнім) бірыңғай базаның Жаңа материалдар мен технологиялар тізілімдеріне енгізу үшін Өтінім беруші rcmbase.qazjolgzi.kz сайтында электрондық форматта тіркеу рәсімінен өтіп, өтінімді толтырады.

15. Жол саласында жаңа материалдар мен технологияларды енгізу апробацияның мынадай негізгі кезеңдерін дәйекті түрде іске асыру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) қажетті құжаттарды қоса бере отырып, бірыңғай база тізіліміне өтінім беру;
- 2) құжаттарды бастапқы қарау;
- 3) Техникалық кеңес мүшелерінің материалмен танысуы, "Сұр" мәртебесін беру;
- 4) ғылыми-техникалық сүйемелдеумен тәжірибелік телімде жаңа (инновациялық) апробациялауды іске қосу;
- 5) "Сары" мәртебені беру;
- 6) апробациялау мерзімі аяқталғанға дейін тәжірибелік телімді тексеру (мониторингілеу);
- 7) Техникалық кеңесте мониторинг нәтижелерін қарау;
- 8) Техникалық кеңес мүшелерінің дауыс беруі арқылы "Жасыл" мәртебе беру;
- 9) "Жасыл" мәртебе берілгеннен кейін өнім бейініне мыналар жүктеледі: технологиялық карта, құны көрсетілген құжат, мониторинг нәтижелері туралы қорытынды.

16. Жол саласына жаңа (инновациялық) өнімді енгізудің жалпы ұйымдастырушылық сұлбасы осы Қағидалардың 1-қосымшасында берілген.

17. Жол қызметінде жаңа материалдар мен технологияларды апробациялауды қаржыландыру осы өнімнің Өтінім берушісі немесе үшінші тұлға - төлеушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

18. Жаңа технологиялар тізіліміне өтінім бермес бұрын, өтінім беруші аккредиттелген зертханадан сынақ хаттамалары қоса берілген есеп түрінде оң қорытындыны ұсынады.

19. Апробация басталғанға дейін Өтінім беруші ғылыми-техникалық сүйемелдеу мен зерттеу (мониторинг) жұмыстарын орындау үшін осы салада тәжірибесі мен құзыреттілігі бар ғылыми-зерттеу ұйымымен, сондай-ақ MEM CT ISO/IEC 17025 "Сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар" стандартына сәйкестік бойынша аккредиттелген сынақ зертханасымен қызметтер/жұмыстар көрсетуге шарт жасасуы тиіс.

20. Өнім туралы деректерді қабылдау, тіркеу, енгізу және өзгерту, сондай-ақ бірыңғай базадағы функцияларды жаңғырту мен дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру базаның техникалық және операциялық сүйемелдеуін жүзеге асыруға уәкілеттік берілген заңды тұлға арқылы жүзеге асырылады.

21. Енгізудің барлық кезеңдерінен сәтті өткен және "Жасыл" мәртебеге ие болған өнім Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитеті жанындағы Техникалық кеңестің шешімі негізінде жол саласы практикасына кеңінен енгізуге ұсынылады.

22. Технологияны немесе материалды бірыңғай базаға (Тізілімге) енгізуге өтінімді қабылдамау мынадай негіздер бойынша жүзеге асырылады:

1) өтінім берушінің ресми өтініші бойынша, оның ішінде технологияны (материалды) Тізілімге енгізуден өз еркімен бас тарту жағдайларында, Тізілімнің қарастырылатын саласына қатысы жоқ қате берілген өтінім болғанда, нақтылау немесе жаңартылған мәліметтерсіз бір технологияға (материалға) қатысты қайталанатын өтінім жіберілген кезде;

2) өтінімді беру үшін көзделген қажетті құжаттар топтамасының бастапқы өңдеу кезеңінде белгіленген мерзімде ұсынылмауы. Ұсынылған мәліметтердің толық болмауы, өзектілігінің болмауы немесе сәйкес келмеуі, сондай-ақ құжаттарды бастапқы тексеру мерзімі аяқталғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде өтінім беруші тарапынан нақтылау туралы сұраныстарға жауап берілмеуі жағдайында өтінім әрі қарай рәсімдер жүргізілмей-ақ қабылданбайды;

23. Бас тартылған өтінім осы Қағидаларда белгіленген барлық талаптар орындалған жағдайда бас тарту себептері жойылғаннан кейін қайта берілуі мүмкін.

24. Өнімді тіркеуге өтінім беру және "Жасыл" мәртебесін алу үшін қажетті құжаттардың тізімі:

- 1) өнімнің атауы, технологияның, материалдың, құрылымның, бұйымның сипаттамасы;
 - 2) өндіруші туралы ақпарат;
 - 3) қауіпсіздік паспорты;
 - 4) өндірушінің ұйым стандарты (қолдану жөніндегі нұсқаулық);
 - 5) өнімнің, бұйымның қауіпсіздігін растайтын құжаттар (Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің қорытындысы немесе өнім қауіпсіздігі хаттамасы);
 - 6) өнімнің/бұйымның стандарттау жөніндегі құжаттардың нормативтік талаптарына сәйкестігін растау, сәйкестік сертификаты, ал өндіріс технологиясының ведомстволық нормативтік құжаттарға сәйкестігі;
 - 7) берілген күні бір жылдан аспаған, аккредиттелген зертханамен жүргізілген сынақ хаттамалары (Қазақстан Республикасында), немесе Қазақстан Республикасында сынақ жүргізу мүмкіндігі болмаған жағдайда Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аккредиттелген зертханасының сынақ хаттамалары;
 - 8) "Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты" АҚ сметалық-нормативтік базасында тіркелгені туралы растау;
 - 9) Қазақстан Республикасында қолдану тәжірибесі (Жергілікті атқарушы органдардың автомобиль жолдары саласындағы құрылымдық бөлімшелерінен, "ҚазАвтоЖол" ҰК" АҚ, "ЖАҰСО" РМК және басқалар бар болса);
 - 10) технологиялық карта;
 - 11) техника-экономикалық негіздеме немесе баға ұсынысы.
 - 12) тәжірибелік телімде оң нәтиже көрсеткені туралы қорытынды.
25. Құжаттарды алғашқы тексеруді бірыңғай базаның Әкімшісі жүргізеді.
26. Бірыңғай базаның Әкімшісі өтінім тіркелген сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде оны толықтығы мен қойылатын талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды. Қажетті құжаттар болмаған жағдайда, Әкімші жетіспейтін құжаттарды өтініш берушіден жазбаша түрде қосымша сұратады.
27. Тәжірибелік телімде материалды апробациялауға дейін Техникалық кеңестің отырысында жаңа материалды немесе жаңа технологияны қарау.
28. Техникалық кеңес мәлімделген өнімді қарайды және оны одан әрі апробациялау туралы шешім қабылдайды. Техникалық кеңес тәжірибелік телімді бөлу жөнінде алқалы шешім қабылдайды. Осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес мәртебелер бойынша технологияларды жіктеу жүргізіледі.
29. Мәлімделген өнімді зертханалық сынау хаттамасы болған кезде "Сұр" мәртебесі беріледі; мәлімделген өнімнің тәжірибелік телімнің аяқталмаған мониторингі болған кезде "Сары" мәртебесі беріледі.

30. Тәжірибелік телімді ғылыми-техникалық сүйемелдеу және зерттеу (мониторинг) тәжірибелік телім бөлінгеннен кейін жүргізіледі. Өнімнің өтінім берушісі осы Қағиданың 12-тармағына сәйкес шарт жасасады.

Ескерту: өнімнің тиімділігін анықтау үшін автомобиль жолдарын басқару жөніндегі Ұлттық оператор немесе жергілікті атқарушы орган әртүрлі климаттық жағдайларда олардың физика-механикалық және пайдалану қасиеттеріне әсерін анықтауға мүмкіндік беретін тәжірибелік телімдерді бөлуді көздейді.

31. Тәжірибелік телімде Техникалық кеңес отырысының шешімі негізінде өнімді апробациялау нәтижелерін объективті бағалауды қамтамасыз ету үшін мынадай құрамда апробациялық комиссиясы құрылады: құзыретіне тиісті тәжірибелік телімді басқару кіретін уәкілетті органның өкілі (оның ішінде автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор, жолаушылар көлігі және көлік инфрақұрылымы басқармасының немесе жергілікті атқарушы органның), уәкілетті органның өкілі "ЖАСҰО" РМК, сондай-ақ ғылыми-техникалық сүйемелдеуді жүзеге асыратын ұйымның өкілі. Тәжірибелік телімдегі жұмыстарды жүзеге асыратын Өтінім беруші мен мердігер ұйымның өкілі апробациялық комиссияның құрамына кірмейді, алайда олардың тәжірибелік телімде апробация жүргізу және оның нәтижелерін қарау кезінде қатысуға құқығы бар.

32. Тәжірибелік телімдерді ғылыми-техникалық сүйемелдеу мыналарды қамтиды: көрнекі және/ немесе аспаптық тексеру (бөлінген телімнің жай-күйі, деформациялардың болуы, геометриялық параметрлер, қозғалыс қарқындылығы); жол-құрылыс материалдарын, бұйымдарын алдын ала іріктеу. Сынақтар ҚР СТ 1218 "Жол және әуеайлақ құрылысына арналған органикалық тұтқыр негіздегі материалдар. Сынақ әдістері", ҚР СТ 973 "Жол және аэродром құрылысына арналған бейорганикалық тұтқырлармен өнделген тас материалдары мен топырақ. Техникалық шарттар", МЕМ СТ 12801 "Жол және аэродром құрылысына арналған органикалық тұтқырғыштар негізіндегі материалдар. Сынақ әдістері" талаптарына сәйкес жүзеге асырылып, сынама алу туралы Актпен рәсімделуі тиіс.

33. Сүйемелдеу мыналарды қамтиды:

1) жергілікті материалдар мен климаттық аймақтарды ескере отырып, қоспалар құрамын іріктеу;

2) жұмыстарды орындау үдерісіне бақылау жүргізу және технологияның сақталуын тіркеу (кемінде 3 фотосуреттен тұратын фотоесеп);

3) сынақ телімінде материалдарды іріктеп алу және сынама алу туралы Акт рәсімдеу.

34. Тәжірибелік телімде өнімді енгізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу аяқталғаннан кейін ғылыми-техникалық сүйемелдеуді жүзеге асыратын ұйымның өкілі осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес тәжірибелік телімді (объектіні) ғылыми-техникалық сүйемелдеу бойынша Акт жасайды.

35. Өнімді қолдану тиімділігін бағалау үшін тексеру (мониторинг) жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады. Тәжірибелік телімді тексеру (мониторингтеу) мерзімі осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес барлық тексеру (мониторинг) кезеңі ішінде айқындалады. Әрбір тексерудің нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес тәжірибелік телімнің жай-күйін зерттеу (мониторинг) орындауға Акт рәсімделеді (жаңа материал мен технологиялардың атауы).

Ескертпелер:

1) Сынақ мерзімі алты айдан асатын тәжірибелік телімдердің алғашқы мониторингі пайдаланудың бірінші қысқы кезеңінен кейін жүзеге асырылады.

2) Егер тәжірибелік телім пайдалануға берілмеген нысанда салынған жағдайда, онда оның мониторингі оны тапсырғаннан кейінгі кезеңге ауыстырылады. Бұл ретте тексеру (мониторинг) кезінде жол телімінің пайдаланылмайтындығы туралы құжаттамалық растама (еркін нысандағы Акт) болуы тиіс.

36. Апробация мерзімі аяқталғанға дейін Өтінім берушінің талабы бойынша ғылыми-техникалық сүйемелдеуді жүзеге асыратын ғылыми-зерттеу ұйымы Қағидаларның 2-қосымшасына сәйкес ғылыми-техникалық сүйемелдеу туралы актіні ұсынады.

37. Өнімнің тиімділігі туралы қорытынды апробация мерзімі аяқталғаннан кейін ғана беріледі. Қорытындыға өнімнің немесе технологияның сипаттамасы, сынақ хаттамалары, актілер, есептеулер және атқарушылық құжаттама жиынтығының бөлігі болып табылатын басқа да материалдар кіреді.

38. Қазақстандық тауар өндірушілерді жаңа және инновациялық өнімдерді қолдау мақсатында осы Қағидаларның 6-қосымшадағы алгоритмге сәйкес апробациялау мерзімін қысқарту көзделген.

39. Техникалық кеңестің отырысында тексерудің (мониторингтің) оң нәтижелері және оларды мақұлдау кезінде өнім Жаңа технологиялар тізіліміне енгізіледі, "Жасыл" мәртебесі беріледі, бұл жол саласы практикасына кеңінен енгізу үшін негіз болып табылады.

40. Зерттеу (мониторинг) барысында анықталған, жұмыстардың жалпы көлемінің 30% асатын тәжірибелік телімдерде ақаулар болған кезде инновациялық өнімнің сапасы тиімсіз болып саналады, олардың пайда болу себептері анықталып, қайта апробациялануы тиіс.

41. Егер өнім бұрын құрылыс алаңдарында қолданылған болса және қайта сынақтан өткізусіз "Жасыл" мәртебесін алуға үміткер болса, өтініш беруші осы өнімнің бұрын апробациядан өткенін және/немесе құрылысқа немесе жөндеу жұмыстарына қолданылғанын растайтын дәлелдемелерді ұсынады: фото және бейнематериалдар, ведомстволық ұйымдардан, жергілікті атқарушы органдардан, мердігер ұйымнан алынған ресми растаушы құжаттар. Алынған материалдар Техникалық кеңестің қарауына ұсынылады. "Жасыл" мәртебені беру немесе беруден бас тарту туралы

шешімді Техникалық кеңес осы Қағидалардың 21-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттардың негізінде қабылдайды. Өтінішті қарау екі немесе одан да көп телімде оң енгізу нәтижесі тәжірибесі болған жағдайда жүргізіледі, бұл нәтижелердің мерзімі 5 жылдан аспауы тиіс.

42. Тәжірибелік телімде материалды апробациялаудан кейінгі Техникалық кеңестің отырысы.

43. Апробация мерзімі аяқталғаннан кейін және ғылыми-зерттеу ұйымының оң қорытындысы алғаннан кейін жеткізуші "Жасыл" мәртебені алуға үміткер болады.

44. "Жасыл" мәртебе Техникалық кеңес мүшелерінің онлайн дауыс беруі арқылы беріледі, бұл ретте бекітілген мүшелер құрамының кемінде 30% бөлігі дауыс беруге қатысу қажет.

45. Техникалық кеңестің дауыс беретін мүшелері аз болған кезде дауыс беру өткізілмеген болып есептеледі

46. "Жасыл" мәртебе материалға Техникалық кеңестің шешімі негізінде беріледі. Егер Техникалық кеңес мүшелерінің жалпы санының азшылық дауысы алынған жағдайда, өнімнің тиімділігін растайтын қосымша дәлелдер болған кезде, жол органымен алдын ала келісу арқылы кемінде 2 ай өткеннен кейін келесі Техникалық кеңес отырысында "Жасыл" мәртебе беру мәселесі қайта қаралады.

Ескертпе: жаңа технологиялар жеткізушісінен материалды Бірыңғай базадан алып тастау немесе апробация бойынша теріс қорытынды алу туралы жазбаша сұрау түскен кезде, технология немесе материал Техникалық кеңестің отырысында қараусыз "Көк" мәртебесін алады.

47. Жаңадан салу, қайта құру, күрделі және орташа жөндеу нысандары үшін өнім сатып алу кезінде оның бірыңғай базада бар екендігін ескеру қажет. Ең алдымен, "Жасыл" мәртебесі бар отандық өндірушілердің апробациядан өткен өнімдерін қолдану ұсынылады.

48. Анықталған ақауларсыз белгіленген апробация мерзімінің жартысынан астамы өткен жағдайда, пилоттық жобада жаңа технология мен "Сары" мәртебесі бар материалды қолдануға жол беріледі. Пилоттық жобаның ауданы Қағидалардың 5-қосымшасында көрсетілген.

49. "Сары" мәртебесі бар материалды коммерциялық сату жаңа технологияны және/немесе өнім материалын жеткізушінің технологиялық қатысуымен, осы салада тәжірибесі мен құзыреті бар ғылыми-зерттеу ұйымын ғылыми-техникалық сүйемелдеуімен, сондай-ақ MEM CT ISO/IEC 17025 "Сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар" талаптарына сәйкестігіне аккредиттелген сынақ зертханаларымен жүзеге асырылады.

50. "Сары" мәртебесі бар материалдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын пилоттық жобалар шеңберінде жол-құрылыс жұмыстарының сапасына мониторинг пен бағалау жүргізу міндетті болып табылады және Қазақстан Республикасының

қолданыстағы заңнамасымен реттеледі: 2011 жылғы 18 қазандағы № ТР ТС 014/2011 "Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі" техникалық регламенті, 2001 жылғы 17 шілдедегі № 245 Қазақстан Республикасының "Автомобиль жолдары туралы" Заңы, 2023 жылғы 9 маусымдағы № 435 "Ғимараттар мен имараттардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы" ҚР Техникалық регламенті, 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242-ІІ "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2014 жылғы 27 қаңтардағы № 56 бұйрығымен бекітілген "Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу, сондай-ақ жол активтерін басқару кезінде орындалатын жұмыс түрлерінің жіктелуі туралы" қағида (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9176 тіркелген) және қолданыстағы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар.

51. Пилоттық жобалардағы техникалық қадағалау ҚР ЕР 218-162 "Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын орташа және ағымдағы жөндеу кезінде техникалық қадағалауды жүзеге асыру және оған жұмсалатын шығындарды анықтау бойынша нұсқаулық" және ВН 8.12.001 "Автомобиль жолдарын салу және жөндеу кезінде жұмыстардың сапасын бақылау және қабылдау" құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2-параграф. Машиналарға, жабдықтарға және механизмдерге қатысты бірыңғай деректер қорын қалыптастыру және жүргізу

52. Технологиялық карталарды және жаңа заманауи машиналар мен механизмдерге, аспалы жабдыққа арналған бірыңғай бағаларды өзектендіру үшін Бірыңғай база цифрлық платформасында Қазақстан Республикасының аумағында бірегей, заманауи машиналарды, жабдықтар мен механизмдерді қолдану туралы каталогты қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде.

53. Каталог толтырылғаннан кейін машиналар, жабдықтар мен механизмдер жұмысының тиімділігін сипаттайтын мынадай көрсеткіштерге байланысты автомобиль жолдары мен олардағы құрылыстарды салу/қайта құру, жөндеу (күрделі, орташа) және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыс түрлерін орындауға жиынтық сметалық баға жасалады:

- 1) өнімділікті арттыру;
- 2) пайдалану шығындарын азайту;
- 3) амортизациялық аударымдар;
- 4) жөндеу және техникалық қызмет көрсету шығындары;
- 5) тез тозатын бөлшектер мен ауыстырылатын жабдықтарды ауыстыру шығындары;
- 6) машинистердің еңбек ақысы;
- 7) энергия шығындары;
- 8) майлау материалдарының шығындары;

9) гидравликалық сұйықтық шығындары;

10) орнын ауыстыру шығындары.

54. Аспалы жабдықтың тиімділігі анықталатын көрсеткіштер:

1) өнімділік;

2) жұмыс жабдығының қуаты;

3) құрылым мен басқарудың қарапайымдылығы;

4) пайдалану сенімділігі;

5) қызмет көрсетуші қызметкерлердің саны мен біліктілігі;

6) монтаждау мен бөлшектеудің еңбек сыйымдылығы;

7) өздігінен жүретін машиналардың жинақтылығы;

8) қызмет көрсету қауіпсіздігі;

9) шығыс материалдарын тұтыну;

10) құны;

11) машинаның өнім бірлігінің (жұмысының) өзіндік құны;

12) габариттік өлшемдер.

55. Өтінім беру кезінде мынадай деректер мен құжаттама ұсынылады:

1) машинаның, механизмнің, жабдықтың атауы, мақсаты және қолдану саласы;

2) техникалық көрсеткіштер мен параметрлер, өндіруші туралы ақпарат, жұмыс және қызмет көрсету режимі, пайдалану шарттары;

3) міндетті рұқсат беру құжаттамасы: сәйкестік декларациясы және немесе сәйкестік сертификаттары, патенттер (бар болса), нақты жұмыс түрлерін орындауға сертификаты немесе лицензиясы бар ұйымда техникалық байқаудан өту негізінде берілетін техникалық паспорт.

3-параграф. Жол-құрылыс материалдарын өндіретін карьерлер мен зауыттарға қатысты бірыңғай деректер қорын қалыптастыру және жүргізу

56. Жол-құрылыс материалдарының бірыңғай базасының тізіліміне енгізу үшін өтінім беруші (карьер және/немесе зауыт иесі) www.rcmbase.qazjolgzi.kz сайтында өтінім, сондай-ақ келесі деректерді ұсынуы қажет:

1) ұйым/меншік иесі;

2) байланыс деректері (аты-жөні, телефоны, электронды пошта);

3) карьердің, зауыттың атауы;

4) шығарылатын өнім түрі;

5) карьердің, зауыттың нақты орналасқан жері (орналасу координаттары);

6) карьердің мәртебесі (қолданыста, қолданыста емес);

7) қуаттылығы (өндіріс көлемі, айына м3);

8) қорлардың көлемі (мың тонна);

9) жер қойнауын өндіруге және жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның қолданылу мерзімі;

10) өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құзыретті органдардың сәйкестік сертификаты.

Ескертпе: Егер жобаны іске асыру кезінде жаңа карьер табылған жағдайда, меншік иесі/карьер иесі өтінім беруге және материалды Бірыңғай базада тіркеуге міндетті.

57. Жергілікті атқарушы органдардың, "ҚазАвтоЖол" ҰК" АҚ, "ЖАСҰО" РМК облыстық филиалдарының көмегімен карьердің және/немесе зауыттың, кәсіпорынның меншік иесі/иесі міндетті түрде жылына кемінде бір рет Бірыңғай базаның әкімшісіне қуат (айына м3 өндіріс көлемі, кәсіпорынның көлемі (мың тонна)) туралы жаңартылған ақпаратты, кез келген аккредиттелген зертхананың өзекті сынақ хаттамасын ұсынады.

Ескертпе: Ақпаратты уақтылы жаңартпау мәртебенің төмендеуіне немесе тізілімнен шығарылуына алып келуі мүмкін.

58. Бірыңғай базаға енгізілген карьерлер мен өндірушілер (минералды ұнтақ, цемент, шағыл тас, битум, темірбетон бұйымдары) мынадай мәртебелер бойынша жіктеледі:

1) "қолданысқа ие" - жол-құрылыс материалдары іріктелген, сынақ хаттамалары өзекті;

2) "сынақ сатысында" - жол-құрылыс материалдарын бастапқы және/немесе қайта іріктеу жүргізілді, сынақ хаттамасы жоқ немесе өзекті емес;

3) "қолданысқа ие емес" - карьер және/немесе өндіруші (минералды ұнтақ, цемент, шағыл тас, битум, темірбетон бұйымдары) жұмыс істемейді немесе өзекті ақпарат жоқ.

59. Бірыңғай базаға жүктелген зертханалық қорытындылардың және/немесе сынақ хаттамаларының қолданылу мерзімі бір жылдан аспайды, жарамдылық мерзімі бір жылдан аз болатын материалдарды қоспағанда.

60. Аккредиттелген зертханадан осы қорытындыларды қайта алу ұйым/меншік иесі есебінен жүзеге асырылады.

61. Карьерлер мен зауыттарға инспекция уәкілетті мемлекеттік органның тапсырмасы бойынша, "ҚазАвтоЖол" ҰК" АҚ, "ЖАСҰО" РМК және "ҚазжолҒЗИ" АҚ тікелей қатысуымен, сондай-ақ өндіріс иесінің міндетті түрде қатысуымен жылына кемінде бір рет жүргізіледі. Инспекция қорытындылары Бірыңғай базаға енгізу үшін базаның Әкімшісіне беріледі.

62. АБЗ инспекциясынан кейін Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті төрағасының 2024 жылғы 25 сәуірдегі №42 бұйрығымен бекітілген "Асфальтбетон зауыттарының асфальтбетон қоспаларын шығару және олардың сапасын бақылау жөніндегі қағидалар" сәйкес рейтинг беріледі.

4-параграф. Жол қозғалысы қауіпсіздігінің техникалық құралдарына қатысты бірыңғай деректер қорын қалыптастыру және жүргізу

63. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған техникалық құралдардың: сымарқанды және тосқауыл қоршаулар, қар ұстағыш қоршаулар, мал

өткелдері, жол белгілері Өтінім берушілері ҚР СТ 1124 "Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары. Жол таңбасы. Техникалық шарттар", ҚР СТ 1125 "Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары. Жол белгілері. Техникалық шарттар" талаптарына сәйкес жол белгілері, бағдаршамдар, жол таңбаларына арналған бояулар мен герметиктер, жарықтандыру құрылғылары және тағы басқалар МЕМ СТ 32759 "Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Жол бағаналары. Техникалық шарттар", МЕМ СТ 32945 "Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Жол белгілері. Техникалық шарттар", МЕМ СТ 32953 "Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Жол таңбасы. Техникалық талаптар", МЕМ СТ 33127 "Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Жол қоршаулары. Жіктелуі", МЕМ СТ 33128 "Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Жол қоршаулары. Техникалық талаптар", МЕМ СТ 33239 "Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Жол бағдаршамдары. Жалпы техникалық талаптар" сәйкес Бірыңғай базаға ЖҚҚ тізіліміне енгізу үшін өтінім береді.

64. Жеткізушіден өтінім алғаннан кейін автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес өнімді апробациялау өткізу үшін тәжірибелік телім бөледі.

65. Бірыңғай базаға енгізілген ЖҚҚ техникалық құралдары осы Қағидалардың 4-қосымшасында көрсетілген өнімдерді қоспағанда, мынадай мәртебелер бойынша жіктеледі:

1) "апробацияланған" - тәжірибелік телімде апробация аяқталғаннан кейін беріледі ;

2) "апробацияланбаған" - тәжірибелік телімде апробацияланбаған техникалық құралдарға беріледі.

66. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған барлық техникалық құралдар МЕМ СТ 33220 "Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Пайдалану жағдайына қойылатын талаптар" талаптарына сәйкес автомобиль жолдарының тиісті пайдалану жағдайын қамтамасыз етуі тиіс.

67. Тәжірибелік телімді ғылыми-техникалық сүйемелдеу және зерттеу (мониторинг) рәсімі осы Қағидалардың 27-тармағына сәйкес жүргізіледі.

5-параграф. Өндірістік, өнеркәсіптік және техногендік қалдықтардан алынатын материалдарға қатысты бірыңғай деректер қорын қалыптастыру және жүргізу

68. Өнеркәсіптік, техногендік және өндірістік қалдықтардан материалдарды бірыңғай базаға енгізу жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары мен зертханалық зерттеулер негізінде жүзеге асырылады.

69. Қалдықтар туралы ақпарат мыналарды қамтиды:

1) орналасқан жері;

2) материалдардың сипаттамасы және қолдану саласы;

3) сынақ хаттамалары және/немесе жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есептер;

4) өзге де ақпарат.

6-параграф. Өндірістік жағдайларда зерттеуге (мониторингке) жатпайтын өнімдерге қатысты (адгезиялық, энергия үнемдегіш қоспалар, эмульгаторлар мен эмульсиялар, МҚМА үшін тұрақтандырғыш қоспалар, геосинтетикалық материалдар, бұйымдар мен конструкциялар, жөндеу құрамдары, жол таңбаларын салуға арналған материалдар) бірыңғай деректер қорын қалыптастыру және жүргізу

70. Адгезиялық, энергия үнемдейтін қоспалардың, эмульгаторлар мен эмульсиялардың, МҚМА арналған тұрақтандырғыш қоспалардың және геосинтетикалық материалдардың Өтінім берушісі осы Қағидалардың 7-тармақшасына сәйкес Бірыңғай базаға енгізу үшін өтінім береді.

71. Өтінім бергеннен кейін жеткізуші келесі рәсімдерге сәйкес одан әрі іс-қимылдарды бастайды:

1) Адгезиялық қоспаларды пайдалану үшін битумдар және/немесе асфальтобетон қоспаларының зертханалық іріктеуі жүргізіледі. Адгезиялық қоспалар ҚР СТ 3367 "Жол битумдарына арналған адгезиялық қоспалар. Жалпы техникалық шарттар" талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Зертханалық сынақ нәтижелері оң болған жағдайда – "Аппробациядан өткен" мәртебесі беріледі. Нәтиже теріс болған жағдайда – материалға "Расталмаған" мәртебесі беріледі.

2) Энергия үнемдейтін қоспалар мен "битумды көбіктендіру" технологиясы қолданылып дайындалған асфальтобетон қоспалары ҚР СТ 1223 "Жол, әуеайлақ және полимерасфальтбетон қоспалары және полимерасфальтбетон. Техникалық шарттар", ҚР СТ 1225 "Жол, әуежай және асфальтбетон қоспалары және асфальтбетон. Техникалық шарттар", ҚР СТ 2373 "Жол, әуеайлағы, қиыршық тасты-мастикалық полимерасфальтбетон қоспалары және қиыршық тас-мастикалық полимерлі асфальтобетон. Техникалық шарттар" талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Бұл ретте мынадай іс-әрекеттер орындалады: асфальтбетон қоспасын зертханалық іріктеу, зертханада қоспаларды іріктеудің оң нәтижелері болған кезде АБЗ-ға шығу және тәжірибелік телімге төсеу жүргізіледі, тәжірибелік телімді жазғы уақытта салу кемінде 150 шқ, бірақ АБЗ-дан 250 шқ аспайтын қашықтықта болуы тиіс. Қоспаларды шығару 5 °С-тан минус 5 °С-қа дейінгі ауқымдағы қоршаған ортаның төмен температурасында жүргізіледі, төсегеннен кейін 3 тәулік ішінде жамылғыдан керн немесе тығыздау коэффициентін анықтау үшін кесінді іріктеледі. Оң нәтижелер болған кезде материалға "Апробацияланған" мәртебесі беріледі. Теріс нәтиже болған жағдайда материалға "Расталмаған" мәртебесі беріледі.

72. Эмульгаторлар қолданылған жол эмульсиялары ҚР СТ 1274 "Битумдар және битум тұтқырлары. Жол эмульсиялары. Техникалық шарттар", Мем СТ 18659 "Битумды жол эмульсиялары. Техникалық шарттар" талаптарына сәйкес келуі қажет және келесі әрекеттер орындалады:

- 1) эмульсияны іріктеу;
- 2) тәжірибелік партияны дайындау;
- 3) зертханалық сынақтар;

4) қанағаттанарлық нәтижелер болған жағдайда материалға "Аппробацияланған" мәртебесі беріледі. Сәйкес келмеген жағдайда материалға "Расталмаған" мәртебесі беріледі.

73. МҚМА және полимер-МҚМА құрамында тұрақтандырғыш қоспалар қолданылған жағдайда, олар ҚР СТ 2373 "Жол, әуеайлағы, қиыршық тасты-мастикалық полимерасфальтбетон қоспалары және қиыршық тас-мастикалық полимерлі асфальтбетон. Техникалық шарттар", МЕМ СТ 31015 "Асфальтбетон қоспалары және шағыл тасты-мастикалық асфальтбетон", ҚР СТ 1218 "Органикалық тұтқырғыштар негізіндегі жолдық және әуеайлақтық құрылысқа арналған материалдар. Сынақ әдістері", МЕМ СТ 12801 "Жол және аэродром құрылысына арналған органикалық тұтқырғыштар негізіндегі материалдар.

Сынақ әдістері келесі ретпен жүзеге асырылады:

- 1) асфальтбетон қоспасын іріктеу;
- 2) МҚМА және полимер-МҚМА зертханалық сынау;
- 3) оң нәтижелер болған жағдайда АБЗ-да бақылау қоспасын шығару;
- 4) оң нәтиже алынған жағдайда материалға "Аппробацияланған" мәртебесі беріледі.

Теріс нәтиже алынған жағдайда материалға "Расталмаған" мәртебесі беріледі.

74. Геосинтетикалық материалдар топырақ төсемінің, негіздердің және асфальтбетон жабындарының әртүрлі қабаттарында, сондай-ақ цементбетон жамылғыларын күтіп-ұстау кезінде қолданылған жағдайда олар ҚР СТ 2372 "Геотекстильді материалдар. Тоқылмаған геотекстильді төсемдер. Техникалық шарттар", ҚР СТ 2790 "Геосинтетикалық материалдар. Гидрооқшаулағыш полиэтилен орама геомембраналар. Техникалық шарттар", ҚР СТ 2791 "Геосинтетика материалдар. Кәрез тәрізді полимер геоторлар. Техникалық шарттар", ҚР СТ 2792 "Геосинтеика материалдар. Арқаулауға және тұрақтандыруға арналған жалпақ геоторламалар мен геоторлар. Техникалық шарттар" талаптарына сәйкес болуы тиіс және келесі әрекеттер орындалады:

1) геосинтетикалық материалдарды бірлесіп іріктеу ҚР СТ 2113 "Жол құрылысына арналған геосинтетикалық материалдар. Сынамаларды іріктеу әдісі" бойынша жүзеге асырылады және зертханада сынақтар өткізіледі. Оң нәтижелер алынған жағдайда материалға "Аппробацияланған" мәртебесі беріледі;

2) 6 ай ішінде қайта шығу және материалға таңдамалы бақылау жүргізіледі. Оң нәтиже болған жағдайда мәртебе сақталады, ал теріс нәтиже кезінде материалға "Расталмаған" мәртебесі беріледі;

3) кіріс бақылауы жүргізілмеген геосинтетикалық материалдар (меншікті салмағы, созылу кезіндегі беріктігі, салыстырмалы ұзаруы) жобаларда қолдануға рұқсат етілмейді.

Барлық іс-шаралар "ЖАҰСО" ШЖҚ РМК, "ҚазАвтоЖол" ҰК" АҚ, "ҚазжолҒЗИ" АҚ және тапсырыс беруші өкілдерінің қатысуымен жүргізілуі тиіс.

75. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бұйымдар мен конструкцияларға (шу оқшаулағыш компенсаторлар, тосқауыл қоршаулары мен бекітпелер, темірбетон қоршау бағаналары, иілгіш бетон төсеніштері және сол сияқтылар) "Бекітілді" мәртебесін беру үшін MEM СТ және/немесе ҚР СТ нысаны бойынша өткізілген ағымдағы сынақ актісін және өнімге сәйкестік сертификатын ұсыну қажет. Есеп болмаған жағдайда немесе ол ескірген жағдайда материалға "Расталған жоқ" мәртебесі беріледі. Өндірушінің СТО негізінде жасалған сынақ хаттамалары қабылданбайды (материалға ұлттық немесе халықаралық стандарт жоқ жағдайларды қоспағанда).

76. Жөндеу композициялары үшін (жөндеу қоспалары, битум-полимерлі мастика, композициялық полимерлі материал, арматураны қорғауға арналған коррозияға қарсы ерітінді, қалпына келтіруге және бұзылудың алдын алуға арналған материалдар, бетон жолдарындағы жарықтарды қалпына келтіруге арналған материалдар, тығыздағыш, қалпына келтіруге және бұзылудың алдын алуға арналған материалдар, жолдарды жөндеуге арналған бетон қоспалары, терең төсемді төсеу үшін төсеніштерді жөндеуге арналған. бетон беттерін гидрооқшаулауға арналған су өткізбейтін композиция, суық жөндеу қоспасы, битум эмульсиясы, автомобиль жолдарының, аэродромдардың және басқа жөндеу қоспаларының монолитті цемент-бетон жабындарындағы компенсаторларды нығыздауға арналған герметикалық профиль) "Бекітілді" мәртебесін беру үшін MEM СТ және/немесе ҚР СТ нысаны сертификатына сәйкес жүргізілген ағымдағы сынақ актісін ұсыну қажет. Баяндама болмаған немесе оның маңыздылығы жоқ болса, материалға "Расталған жоқ" мәртебесі беріледі. Егер сынақ хаттамасы өндірушінің СТО негізінде жасалса, бір жыл бойы бақылау, оның ішінде визуалды тексеру және қолданылатын материалдың жағдайын тексеру қажет. Егер нәтижелер қанағаттанарлықсыз болса, материалға "Расталған жоқ" мәртебесі беріледі. Өндірушінің СТО негізінде шығарылған сынақ есептері қабылданбайды (материалға ұлттық немесе халықаралық стандарт жоқ жағдайларды қоспағанда).

77. "Апробацияланған" мәртебесін беру үшін жолды таңбалау материалдарына (термопластика, бояулар, жарық шағылыстырғыш және жарқырағыш қосылыстар және т.б.) зертханалық жағдайларда және жол төсемінде MEM СТ және/немесе ҚР СТ сәйкес жүргізілген ағымдағы сынақ актісі және өнімге сәйкестік сертификаты берілуі тиіс.

Егер нәтижелер оң болса, "Бекітілді" мәртебесі беріледі. Нәтижелер теріс болса, " Расталған жоқ" күйі тағайындалады. Өндірушінің СТО негізінде шығарылған сынақ есептері қабылданбайды (материалға ұлттық немесе халықаралық стандарт жоқ жағдайларды қоспағанда).

78. Технологиялар мен материалдарды сынақтан өткізуге байланысты іс-шаралар " ЖАҰСО" ШЖҚ РМК, "ҚазАвтоЖол" ҰК" АҚ, "ҚазжолҒЗИ" АҚ және тапсырыс берушінің өкілдерінің қатысуымен жүргізілуі тиіс.

1-қосымша

Жол саласына жаңа (инновациялық) өнімді енгізудің ұйымдастырушылық сұлбасы

Кезең	Саты	Қысқаша сипаттамасы
Өтінім	Өтінімді беру және қарау	1. Өтінімді алдын ала қарау - құжаттың толықтығын тексеру
		2. Техникалық кеңестің отырысында танысу. Жаңа технологиялар тізіліміндегі және Өнеркәсіптік, өндірістік және техногендік қалдықтардан алынған материалдар тізіліміндегі мәртебелер бойынша жіктеу: 1) "Жасыл" мәртебесі (апробацияланған) – тізілімге енгізілген, жобалау-сметалық құжаттамаға енгізуге ұсынылған; Ескертпе: Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу кезінде мемлекеттік сараптамамен мақұлданған технологиялық карта , техника-экономикалық негіздеме және мониторинг қорытындысы болған кезде. 1) "Көк" мәртебесі (қайта қарау) - тәжірибелік телім бойынша қорытынды есеп (ғылыми-техникалық сүйемелдеу және мониторинг қорытындысы) бар, "Жасыл" мәртебе беру үшін Техникалық кеңестің дауыс беруінің ең төменгі шегінен өтпеген. - "Көк" мәртебе, сондай-ақ жеткізушінің осы материалды ҚР аумағына уақытша ұсынбауға ерікті түрде бас тарту туралы өтініші / хаты негізінде беріледі; 2) "Сары" мәртебесі (апробациялану сатысында) - аккредиттелген зертханадан зертханалық қорытынды бар,

		тәжірибелік телім бөлінген, ғылыми-техникалық сүйемелдеуден және тәжірибелік телімнің мониторингінен өту үдерісінде; 3) "Сұр" мәртебесі (апробацияланбаған) – аккредиттелген зертханадан қорытынды бар, тәжірибелік телімді бөлу сатысында.
Кезең	Саты	Қысқаша сипаттамасы
Апробация	Тәжірибелік енгізу және ғылыми-техникалық сүйемелдеу, мониторинг	3. Тәжірибелік телімді бөлу
		4. Тәжірибелік телімдерді ғылыми-техникалық сүйемелдеу және зерттеу (мониторингілеу).
		5. Тәжірибелік телімдерді мониторингілеу бойынша қорытынды есептерді қарау
		6. Қолда бар құжаттар топтамасын қарау және дауыс беруді өткізу үшін Техникалық кеңестің отырысы
		7. "Жасыл" (апробацияланған) мәртебесі бар жаңа (инновациялық) өнімді пайдалана отырып жобалау құжаттамасын әзірлеу
		8. Апробациядан өткен инновациялық өнімдерді енгізу бойынша жұмыстардың орындалуын мониторингтеу және есептілік

2-қосымша

Автомобиль жолы телімінде немесе объектіде технологияны (жаңа материалды, зертханалық аспапты, жабдықты) қолдана отырып, тәжірибелік телімді (нысанды) ғылыми-техникалық сүйемелдеу жөніндегі АКТ

Нысан _____

Ұзындығы м _____ шқ

_____ Орналасқан жері " " 20 ж.

Біз, төменде қол қойған келесі құрамдағы комиссия: _____

_____ " "

20__ жылғы сағ. минуттан бастап " " 20__ жылғы сағ. минутқа дейін тиімділігін анықтау мақсатында

нысанда ұзындығы _____ шқ (ШҚ-нан ШҚ-ға + дейін) жұмыстар жүргізілгендігі туралы акт жасастық.

Тәжірибелік телімнің (нысанның) орналасқан жері:

автомобиль жолының телімі (ШҚ ШҚ дейін), сұлба қоса беріледі

Жұмыстарды жүргізуші (жүргізушілер) _____

Жұмыстарды орындау шарттары:

Ауа температурасы _____ °С-тан _____ °С дейін.

Ауаның ылғалдылығы _____ %-дан _____ %-ға дейін.

Ауа райы жағдайы

Жұмыстарды орындау уақыты:

Басталуы: " " 20__ ж. _____ сағ. _____ мин.

Аяқталуы " " 20__ ж. _____ сағ. _____ мин.

Телімнің жай-күйі:

Телімнің ұзындығы м; _____

Жүру бөлігінің ені м; _____

Қозғалыс қарқындылығы _____ авт/сағ. немесе авт/тәул.

Орындалатын жұмыстар түрі: _____

Бақылау және тәжірибелік телімдегі қоспаның құрамы (жаңа материалдың, құрылымның, қабаттың, қаттамның, бұйымның және т.б. атауы)

Технологиялық операциялар (техникалық шешімдер және т.б.):

Қолданылатын машиналар мен механизмдер (жаңа аспаптар, жабдықтар, жаңа жол техникасы және т.б.) : _____

Технологияның бұзылуы (болғанжағдайда)

Лауазымы, ұйымның атауы Қолы Аты-жөні

Лауазымы, ұйымның атауы Қолы Аты-жөні

Лауазымы, ұйымның атауы Қолы Аты-жөні

Лауазымы, ұйымның атауы Қолы Аты-жөні

3-қосымша

Нысанда (жаңа материалдың, технологияның және т.б. атауы) қолдана отырып, тәжірибелік және бақылау телімдерінің жай-күйін тексеруді (мониторингілеуді) орындауға арналған АКТ

автомобиль жолы телімінің атауы

Орналасқан жері " _____ " _____ 20__ ж.

Біз, төменде қол қойған келесі құрамдағы комиссия:

_____, " _____ " _____ 20__ жылғы _____ сағ. _____

_____ минуттан бастап " _____ " _____ 20__ жылғы _____ сағ. минутқа дейін

Нысанда тиімділігін анықтау мақсатында визуалды және немесе аспаптық тексеру жүргізілгендігі туралы акт жасастық.

Тәжірибелік телімнің орналасқан жері:

Бақылау телімінің орналасқан жері (қажет болған жағдайда)

Жұмыстарды жүргізуші: _____

Жұмыстарды орындау шарттары:

Ауа температурасы _____ °С-тан _____ °С дейін.

Ауа райы жағдайы _____

Жұмыстарды орындау уақыты:

Басталуы: " _____ " _____ 20__ ж. _____ сағ. _____ мин.

Аяқталуы " _____ " _____ 20__ ж. _____ сағ. _____ мин.

Телімнің жай-күйі:

Телімнің ұзындығы м; _____

Жүру бөлігінің ені м; _____

Қозғалыс құрамы: жүк көтергіштігі 40 тн асатын жүк автомобильдері _____

Жүк көтергіштігі 5 тн-дан 40 тн-ға дейінгі жүк автомобильдері _____

Жүк көтергіштігі 12тн-ға дейінгі жүк автомобильдері _____

Жеңіл автомобильдер _____

Жұмыстарды орындау барысында сынамалар (керндер) іріктелді _____

Сынамаларды іріктеу актісі қоса беріледі (қажет болған жағдайда)

Объективті:

Лауазымы, ұйымның атауы Қолы Аты-жөні

Лауазымы, ұйымның атауы Қолы Аты-жөні

Лауазымы, ұйымның атауы Қолы Аты-жөні

Лауазымы, ұйымның атауы Қолы Аты-жөні

Лауазымы, ұйымның атауы Қолы Аты-жөні

Лауазымы, ұйымның атауы Қолы Аты-жөні

Көзбен шолу нәтижелері, пайдалану шарттары, ерекшеліктері, шектес аналогтан айырмашылығы, анықталған ақаулардың сипаттамасы: (өлшем бірлігі, ақаудың пайда болуының ықтимал себебі, ақауды жою әдісі және орындау мерзімі, ақауларды жою мүмкінсіздігінің себептері және т.б.)

Зерттеу кезінде пайдаланылған метрологиялық деректері бар жабдықтар мен өлшеу құралдарының тізбесі:

Атауы	Түгендеу (зауыттық) нөмірі	Тексеру, калибрлеу туралы мәліметтер
-------	----------------------------	--------------------------------------

Қосымша зертханалық зерттеулер жүргізу үшін сынамаларды іріктеу туралы мәліметтер (қажет болған жағдайда):

(сынаманың атауы; сынаманы іріктеген тұлғалар туралы мәліметтер; сынамалардың саны; сынамалардың қаптамасы туралы мәліметтер; сынамалар жіберілген зертхана)

Келесі тексерудің ұсынылатын мерзімі _____

(аяқталу күні; ұйым немесе комиссия)

Жүргізілген тексеру нәтижелерін растаймыз:

Комиссия төрағасы:

(лауазымы) (қолы) (қолтаңбаны ашып жазу)

Комиссия мүшелері:

(лауазымы) (қолы) (қолтаңбаны ашып жазу)

(лауазымы) (қолы) (қолтаңбаны ашып жазу)

(лауазымы) (қолы) (қолтаңбаны ашып жазу)

4-қосымша

Г.1-кесте -Тәжірибелік телімдерді зерттеу (мониторингтеу) мерзімдері

№	Өнімнің атауы	Қолдану саласы	Мониторингілеу мерзімі	Мониторинг кезеңі	
				Аймақтар	Ай
1	Модификациялаушы қоспалар (полимерлер және т.б. негізінде)	Асфальтбетон, шағылт тасты-мастикалық қоспалар үшін	2 жыл (4 шығу)	солтүстік, шығыс	мамыр, қыркүйек
				оңтүстік, батыс	сәуір, қазан

2	Тұрақтандырғыш тар / тұрақтандырғыш қоспалар (қаңқалы қоспалары бар топырақтар)	Ж е р жамылғысының жоғарғы қабаты және негіздің барлық қабаттары үшін	2 жыл (4 шығу)	солтүстік, шығыс	сәуір, қараша
				оңтүстік, батыс	наурыз, қараша
3	Адгезиялық қосымдар/ қоспалар	Асфальтбетон, шағыл тасты-мастикалық қоспалар үшін	Зертханалық		
4	Жолды таңбалауға арналған бояу	Бетон және асфальтбетон жамылғылары үшін	6 ай (1шығу)	солтүстік, шығыс	жағылғаннан кейін 6 айдан соң
				оңтүстік, батыс	
5	Сіндіргіш қоспалар	Бетон және асфальтбетон жамылғылары үшін	2 жыл (4 шығу)	солтүстік, шығыс	мамыр, қыркүйек
				оңтүстік, батыс	сәуір, қазан
6	Жол қауіпсіздігінің техникалық құралдары (жол белгілері, жасанды жол тегіссіздіктері, тосқауыл және қар ұстайтын қоршаулар* және т.б.)	Жол қауіпсіздігін ұйымдастыру үшін	2 жыл (4 шығу)	солтүстік, шығыс	мамыр, қараша
				оңтүстік, батыс	наурыз, қараша
				Қар ұстағыш қоршаулар үшін жұмыстар қысқы кезеңде жүргізіледі	
7	Көктайғаққа қарсы материалдар	Бетон және асфальтбетон жамылғылары үшін	3-5 сағаттан кем емес		
8	Жолдарды шаңсыздандыруға арналған материалдар	Қиыршық тасты, шағыл тасты, топырақты негіздер үшін	15 күннен кем емес		
9	Геосинтетикалық материалдар (геоторлар, геошарбақтар, геомембрана және т.б.)	Топырақты нығайту, негіздерді, құламаларды армиру үшін	2 жыл (4 шығу)	солтүстік, шығыс	мамыр, қараша
				оңтүстік, батыс	
10	Геосинтетикалық материалдар	Қабаттарды бөлу үшін	Зертханалық		
		Бетон және асфальтбетон жамылғылары үшін			

11	Жөндеу қоспалары	шұңқырларды жөндеу, жіктерді герметикпен бітеу	1 жыл (2 шығу)	солтүстік, шығыс	сәуір, қазан
		Көпір құрылыстарының жөндеу, деформациялық жіктері, ағынды цементтеу, жасанды құрылыстардағы үйінді құламаларын нығайтуға арналған топырақ анкерлері	1 жыл (2 шығу)	оңтүстік, батыс	наурыз, қараша
12	Икемді бетон төсеніштері, нығайтуға арналған материалдар.	Үйінді құламаларын, көпір кіреберістерін нығайту үшін	2 жыл (4 шығу)	солтүстік, шығыс	сәуір, қазан
				оңтүстік, батыс	наурыз, қараша
13	Бетонға арналған пластификаторлар және ауа тартатын қоспалар	Бетондар үшін	Зертханалық		
14	Тұрақтандырғыш қоспалар	МҚМА үшін	Зертханалық		
15	Энергия үнемдейтін қоспалар	Асфальтбетон жамылғылары үшін	Зертханалық		
16	Су тасқынына қарсы қоршаулар		3-6 айдан кем емес	солтүстік, шығыс оңтүстік, батыс	қыркүйек
17	Жолдарға арналған жарықтандыру құрылғылары	Қабаттарды бөлу үшін	6 айдан кем емес (1 шығу)		
18	Өнеркәсіптік қалдықтардан алынған минералды ұнтақ	Асфальтбетон жамылғылары үшін	Зертханалық		
19	Өнеркәсіптік қалдықтардан алынған материалдар		2 жыл (4 шығу)	солтүстік, шығыс	сәуір, қараша
				оңтүстік, батыс	наурыз, қараша

20	Сұйық резеңке	Гидроокшаулағыш жамылғы үшін	1 жыл (2 шығу)	солтүстік, шығыс	сәуір, қазан
				оңтүстік, батыс	наурыз, қараша
21	Эмульгаторлар мен эмульсиялар	Асфальтбетон жамылғылары үшін	Зертханалық		
22	Жол таңбасына арналған пластик және термопластик	Асфальтбетон және бетон жамылғылары үшін	6 ай (1 шығу)		

5-қосымша

Д.1-кесте – "Сары" мәртебесі бар материалдарды апробациялауға ұсынылатын және пилоттық жобаларға арналған тәжірибелік телімдердің ұзындығы/ауданы

№	Материалдың атауы	Апробациялау үшін (тәжірибелік телім)	Пилоттық телім үшін (коммерциализация)	Ескертпе
1	Битумға арналған модификациялаушы қоспалар (полимерлер және т.б. негізінде)	200 м-ден кем емес	1-10 шк	Тәжірибелік телімде ақаулар болмаған және апробация мерзімінің жартысынан астамы өткен жағдайда
2	Топыраққа арналған тұрақтандырғыштар / тұрақтандырғыш қоспалар	200 м-ден кем емес	500 м - 10 шк	Тәжірибелік телімде ақаулар болмаған және апробация мерзімінің жартысынан астамы өткен жағдайда
3	Жолды таңбалауға арналған бояу	200 м-ден кем емес	Қарастырылмайды	Апробация мерзімнен толық өткеннен кейін
4	Сіңдіргіш қоспалар	200 м-ден кем емес	500 м - 5 шк	Тәжірибелік телімде тиімділік расталғаннан және апробация мерзімінің

				жартысынан астамын өткен кезде
5	Ж о л қауіпсіздігінің техникалық құралдары (жол белгілері, жасанды жол ткіссіздіктері , тосқауыл және қар ұстайтын қоршаулар және т.б.)	2-5 бірлік	10-20 бірлік	Тәжірибелік телімде ескертулер болмаған ж ә н е апробация мерзімінің жартысынан астамы өткен кезде
6	Көктайғаққа қ а р с ы материалдар	50-100 м	Қарастырыл майды	Апробация мерзімінен то л ы қ өткеннен кейін
7	Жолдарды шаңсызданды руға арналған материалдар	200-500 м	Қарастырыл майды	Апробация мерзімінен то л ы қ өткеннен кейін
8	Геосинтетика л ы қ материалдар (геоторлар, геошарбақтар, геомембрана)	200 м-ден кем емес	500 м - 5 шқ	Тәжірибелік телімде тиімділік расталғаннан ж ә н е апробация мерзімінің жартысынан астамын өткен кезде
9	Жөндеу қоспалары	50-100 м	200-500 м	Тәжірибелік телімде ескертулер болмаған ж ә н е апробация мерзімінің жартысынан астамы өткен кезде
10	Икемді бетон төсеніштері, нығайтуға арналған материалдар.	100-200 м	500 м - 5 шқ	Тәжірибелік телімде ескертулер болмаған ж ә н е апробация мерзімінің

				жартысынан астамы өткен кезде
11	Бетонға арналған пластификаторлар және ауа тартатын қоспалар	200 м-ден кем емес	500 м - 5 шқ	Тәжірибелік телімде ескертулер болмаған және апробация мерзімінің жартысынан астамы өткен кезде
12	Су тасқынына қарсы қоршаулар	50-100 м	Қарастырылм айды	Апробация мерзімінен толық өткеннен кейін
13	Жолдарға арналған жарықтандыру құрылғылары	2-5 бірлік	Қарастырылм айды	Апробация мерзімінен толық өткеннен кейін
14	Өнеркәсіптік қалдықтардан алынған минералды ұнтақ	200 м-ден кем емес	1-5 шқ	Тәжірибелік телімде ескертулер болмаған және апробация мерзімінің жартысынан астамы өткен кезде
15	Өнеркәсіптік қалдықтардан алынған материалдар	200 м-ден кем емес	1-5 шқ	Тәжірибелік телімде ескертулер болмаған және апробация мерзімінің жартысынан астамы өткен кезде
16	Сұйық резеңке	50-100 м	500 м-5 шқ	Тәжірибелік телімде ескертулер болмаған және апробация мерзімінің

				жартысынан астамы өткен кезде
17	Жол төсемесіне арналған пластик және термопластик	200 м-ден кем емес	Қарастырылмайды	Апробация мерзімінен толық өткеннен кейін
18	Энергия үнемдейтін қоспалар	100-200 м	Қарастырылмайды	Зертханалық сынақтардың оң қорытындысын алғаннан кейін

Ескертпе - Материалдың әрбір түрі бойынша пилоттық жобалардың рұқсат етілген саны үштен аспауы тиіс.

6-қосымша

Қазақстандық тауар өндірушілер үшін жол-құрылыс материалдарын апробациялау мерзімдерін қысқарту алгоритмі

1. Осы Қағидалардың 4 және 12-бөлімдерінде көзделген қажетті іс-шаралар орындалғаннан кейін, қазақстандық жол-құрылыс материалдарын өндіруші сынақ мерзімін қысқартуға үміткер бола алады.

2 Қысқарту шарттары:

белгіленген апробация мерзімінің 50 % өту;

тәжірибелік телімде ақаулардың болмауы;

жұмыс өндірісін қарау актісі.

3 Сипатталған жағдайлар болған кезде өндіруші келесі әрекеттерді орындайды:

техникалық кеңес төрағасының атына апробация мерзімін қысқарту туралы хат/өтінім беріледі;

тәжірибелік телімнің жай-күйі туралы материалдарды ұсынады;

өндірістік база туралы материалдарды ұсынады;

4. Апробацияны тоқтату және "Жасыл" мәртебе беру туралы шешімді Техникалық кеңес Жол-құрылыс материалдары мен жаңа технологиялардың бірыңғай базасын қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес қабылдайды.

Ескерту: жөндеу қоспалары, жол таңбасына арналған материалдар, көктайғаққа қарсы және шаңсыздандыратын материалдар апробация мерзімдерін қысқартуға жатпайды.